

**"Ақпараттық жүйелердің, техникалық, бағдарламалық-техникалық және бағдарламалық құралдардың (бұйымдардың), ақпаратты қорғаудың техникалық құралдарының ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін растау жөніндегі Нұсқаулығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі Басшысының 2013 жылғы 14 маусымдағы № 25-1-21 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі Басшысының 2021 жылғы 15 наурыздағы № 10-4-10 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 29 наурызда № 22406 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 27-бабының 1 тармағына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. "Ақпараттық жүйелердің, техникалық, бағдарламалық-техникалық және бағдарламалық құралдардың (бұйымдардың), ақпаратты қорғаудың техникалық құралдарының ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін растау жөніндегі Нұсқаулығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі Басшысының 2013 жылғы 14 маусымдағы № 25-1-21 бұйрығының (нормативтік құқықтық кесімдерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8543 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесінің Мемлекеттік құпияларды қорғау және арнайы байланыс түрлері бөлімі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің интернет-порталда орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесінің Мемлекеттік құпияларды қорғау және арнайы байланыс түрлері бөліміне жүктелсін.

4. Осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрі Кеңесінің басшысы*

*Г. Койшыбаев*